

**«№281 негізгі мектебі» КММ бойынша 2022-2023 оқу жылындағы сабақтан тыс уақыттағы
үйірмелерге қамтылған білім алушылардың жетістіктері туралы анықтама**

Мұғалімдер мектепішілік, аудандық, облыстық деңгеймен қоса республикалық, халықаралық сайыстарға қатысады. Түрлі кәсіби сайыстарға, интернет-олимпиадаларға конференцияларға табысты қатысуы мұғалімдердің кәсіби құзіреттіліктерін шындайды. Жыл сайын біздің мектептің мұғалімдері түрлі кәсіби сайыстарға қатысып, жақсы нәтиже көрсетуде.

Абай атамыз айтқандай «Ұстазсыз шәкірт - тұл, шәкіртсіз ұстаз - тұл» деп адам баласының кісі болып қалыптасуы көбінесе ұстазға байланысты деп ерекше атап өткен. Шәкірт ұстазға қарап өседі. Ол ұстазының білімін, берген тәрбиесін, кеңесін алады. Ұлағатты ұстаздан тәрбие алған адам жақсы қоғам қайраткері, ұлы тұлға болып өседі, өмірін дұрыс бағытқа бейімдеп, көркейеді. Алайда оқушыны білімге қызықтырып, өз әлеміне баурап алу үшін, ұстазға дариядай терең білім, биік парасаттылық, талмас еңбекқорлық, таза ниет керек. Осы орайда біздің мектебімізде дәл осындай қабілет пен қасиеттерді бойына сіңіре білген ұстаздар жетерлік.

Биылғы 2022-2023 оқу жылында біздің мектеп ұжымы түрлі сайыстарға қатысып, оқушылар мен ұстаздар дипломдар мен сертификаттарға ие болды.

Оқыту мен тәрбиелеу барысында шәкіртінің кішкентай болса да, әрбір жетістігіне қуана білу және әрдайым мақтап, мадақтап отыру баланы өсірудің тамаша бір жолы. «Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі» деген Абай даналығын бойларына сіңірген шәкірттеріміз аудандық, облыстық, республикалық, халықаралық сайыстарға ғылыми жобаларға қатысқан оқушылардың тізімін атап айтатын болсам, жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жобалар конкурсының аудандық кезеңінде өлкетану секциясы бойынша «Арыстан баб ғажайыптары» тақырыбында ІІІ дәрежелі дипломмен Тілек Диас марапатталды. «BILGEN ALAMAN» Республикалық олимпиадасының іріктеу кезеңінде І дәрежелі дипломмен Тілек Диас марапатталды. Халықаралық «Өрлеу өркендеу» ғылыми-ақпараттық танымдық-тәрбиелік журналының ұйымдастыруымен «Жас зерттеуші» атты оқушылар арасында өткізген ғылыми жобалар байқауында ойынның ұшқырлығымен ерекшеленгені үшін І орынмен Тілек Диас марапатталды. Жетекшісі Өсербай Айгүл. Жалпы білім беретін пәндер бойынша ғылыми жобалар конкурсының аудандық кезеңінде ІІ дәрежелі дипломмен Тоқбергенов Мерей марапатталды. Жетекшісі Аңсатова Ғалия. 2022 жыл – «Балалар жылы» аясында шағын футболдан мектеп оқушылар (қыз балалар) арасында өткізілген аудандық спартакиадасында командалық есепте жүлделі ІІ орынды иеленгені үшін «№281 негізгі мектебі» КММ командасы марапатталды. Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 30 жылдығы мерекесіне арналған мектеп оқушылары (қыз балалар) арасында өткізілген (Волейболдан) Аудандық біріншілігінде үздік нәтиже көрсетіп «Үздік либеро» номинациясымен Нысанжанова Қаракат марапатталды. Жетекшісі Ермаханов Нұртуған. «Ұлы дала баласы» ұлттық білім сайысының облыстық, халықаралық кезеңі бойынша І дәрежелі дипломмен Тілек Диас марапатталды. Жетекшісі Өсербай Айгүл. Халықаралық «Пони» байқауының жүлдегерлері Көпберген Еркепаз, Серік Әмина, Дауылбай Таңшолпан, Тілек Еңлік ІІІ дәрежелі дипломдармен марапатталды. Жетекшісі Жақаева Гүлназ. «Жаңа Қазақстан» Республикалық дарынды жастарды қолдау ұйымының ұйымдастыруымен балабақша тәрбиеленушілерімен мектеп оқушылары арасында өткізілген республикалық «Мұқағали оқулары» байқауына қатысып, мәнерлеп оқу бойынша үздік өнер көрсеткен Дауылбай Таңшолпан І дәрежелі дипломмен марапатталды. Қазақ тілі мен әдебиеті ғылымдарының негізін қалаушы, ғалым Мағжан Жұмабаевтың шығармашылық мұраларын насихаттау мақсатында қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен ұйымдастырылған шығармашылық байқауда үздік нәтиже көрсетіп, жеңімпаз атанғаны үшін І дәрежелі дипломмен Тілек Еңлік марапатталды. Жетекшісі Жақаева Гүлназ.

Ұстаздарымыздың бар бақыты өзі тәрбиелеп, өзі білім беріп отырған оқушыларында екені рас. Кез-келген шәкірттің бойында адам сүйсінетін қасиет болады.

Мектеп директоры:  Р.Жолмырзаев

